

Ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

Абай Облысы. Узун-Булак учаскесінің мыс кендерін барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есепке.

1. Аумағында қызметі жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал ететін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органының немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: «Абай облысы Абай ауданы Арқат ауылы әкімінің аппараты» ММ.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: Абай Облысы. Узун-Булак учаскесінің мыс кендерін барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есепке.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе атына қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар жіберілген тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: ҚР ЭЫДҰ жанындағы «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК және «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

4. Жоспарланған қызметтің орналасқан жері: ҚР, Абай облысы, Абай ауданы Орда ауылы. Географиялық координаттары: т.1 ш.б. 79°36'50"с.е. 49°12'31", т.2 ш.б. 79°37'21"с.е. 49°12'59", т.3 ш.б. 79°37'39"с.е. 49°12'39", т.4 ш.б. 79°37'33"с.е. 49°12'2", т.5 ш.б. 79°37'22"с.е. 49°12'1.5", т.6 ш.б. 79°37'50"с.е. 49°12'31".

5. Жоспарланған қызметтің ықтимал әсерінен зардап шеккен барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: ҚР, Абай облысы, Абай ауданы, Арқат а. о., Орда ауылы.

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: «K-Mining» ЖШС, БСН 200540019278. Мекен-жайы: ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Кемпірбай Бөгенбайұлы көшесі, 30 үй, 1 пәтер, e-mail: exploration.semey@mail. тел: 8(775)5356473.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді құрастырушылардың немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау жөніндегі сыртқы тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «UklabProject» ЖШС (лицензия № 01994Р 20.04.2018 ж.), Мекен-жайы: 070003, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 35, тел.: 8(7232) 762432, e-mail: uklab@mail.ru.

8. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысының күні (күндері) және уақыты): 2026 жылғы 15 қаңтар сағат 11.00-де мына мекен-жай бойынша: Абай облысы, Абай ауданы Орда ауылы, Қарашаш Мырзабекова көшесі, 44 үй «Мамай атындағы негізгі орта мектебі» ғимараты. Қатысушыларды тіркеудің басталуы сағат 11:02-де, қоғамдық тыңдаудың басталуы сағат 11:40-де, аяқталу уақыты 12:25-те.

9. Бастамашының сұрау салу хатының көшірмесі және әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы жауап хатының көшірмесі болып табылады. осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі: Бастамашы хатының және менің жауап хатымның көшірмесі тиісінше осы Хаттамаға 1 және 2-қосымшада ұсынылған.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса беріледі: 3-қосымша.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылады:

1) Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында <https://ndbecology.gov.kz/> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе мемлекеттік әзірлеуші органның ресми интернет-ресурсында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/?lang=ru> ;

3) қозғалатын аумақ шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы; қоғамдық тыңдаулар өткізу басталатын күнге дейін жиырма жұмыс күні (4, 5-қосымша):

а) 2025 жылғы 7 желтоқсандағы орыс және қазақ тілдеріндегі № 45 (835) «Abai eli» газеті;

б) «Қазақстан» телеарнасы - хабарландыруды 2025 жылғы 2 желтоқсандағы телеарна эфирінде орналастыру туралы эфирлік анықтама;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда мекенжайлар бойынша 4 (төрт) хабарландыру саны (6-қосымша):

а) «Мамай атындағы негізгі орта мектебі» ғимараты;

б) Орда ауылы аялдамасы;

в) Орда ауылы К. Мырзабекова көшесі.

Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы болып Архат ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы Рымжанов Ернур Ержанулы тағайындалды

Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы болып бірауыздан "K-Mining" ЖШС директорының орынбасары Пономарев Юрий Викторович тағайындалды.

«Қолдады» -11 , «қарсы» - 0, «қалыс қалды» - 0 дауыс берді.

Регламент бірауыздан бекітілді:

Жоба материалын баяндама түрінде қарау - 10 минут.

Сұрақтар, жауаптар, ұсыныстар мен ескертулер – 10 минут.

Қорытындылау-5 минут.

«Қолдады» - 11, «қарсы» - 0, «қалыс қалды» - 0.

Баяндама қазақ тілінде ұсынылды.

«Қолдады» - 11, «қарсы» - 0, «қалыс қалды» - 0.

13. Сведения о всех заслушанных докладах:

Баяндаманы ұсынды:- Тлеуқан Гульназ Тлеуқанқызы («UklabProject» ЖШС өкілі), - Абай облысы, Узун-Булак учаскесіндегі мыс кендерін барлау жоспары бойынша ықтимал әсерлер туралы есепке арналған презентацияның мазмұнымен қазақ тілінде таныстырды. Слайдтар саны-10. Қағаз жеткізгіштегі баяндама тыңдауларға қатысушыларға қазақ тілінде 12 данадан берілді. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша баяндаманың мәтіндері осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса беріледі.

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының құрамдас бөлігі болып табылатын және осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда берілген немесе қоғамдық тыңдаулар барысында айтылған мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың барлық ескертулері мен ұсыныстарын қамтитын жиынтық кесте; Әрбір ескерту мен ұсынысқа Бастамашының жауаптары мен ескертулері. Қоғамдық тыңдаулардың мәніне анық қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен кестеге енгізіледі.

Қоғамдық тыңдауларды өткізгенге дейін және уақытында алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

№ р/ р	Қатысушылардың ескертуі мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), өкілдігін жіберген ұйымның лауазымы, атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауапты адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), өкілдік ететін ұйымның лауазымы, атауы)	Ескерту (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс, «қоғамдық тыңдау мәніне қатысы жоқ»)
1	<p>Тұрғын: Сіз барлау, бұрғылау жұмыстары деп жатырсыздар иа? Су ақпайды деп жатырсыз, неге ақпайды ағады ғой. Барлау, бұрғылау жұмыстарында ағады ғой. -Жерге сіңеді ғой, сіңгенен кейін. -Бұрғылағанда сіз химикат қоспаларды қосасыз ғой. -Сіз мыс өндіргелі тұрсыз ба или алтын? -Жаңағы алтынды шаю үшін су керек солай ма? -Жаңағы алтынды шаю үшін су керек, оған қаншама тонна су керек.</p>	<p>«UklabProject» ЖШС өкілі Тлеуқан Г.Т.: Иа. Біз өзендерге, көлдерге әсер етпейміз. Ағынды сулар дегеніміз ол тұрмыстық немесе қатты ластанған ішінде металдары бар ластанған сулар. Ал бізде таза су төгіледі, ол ағынды суларға жатпайды. -Қоспаймыз, бұрғылау жұмыстарында химикаттар қолданбаймыз. Біз жердің беткі қабатын қазып аламыз, одан кейін пробаны аламызда Семей қаласына жібереміз. Сол жақта тексеріліп қаралады, құрамында қанша алтын бар екені. -Мыс, алтын кедері. - Оны біз шаймаймыз. -Заблуждение болып тұр. Мен сізге түсіндіріп кетейін. Біз алтында өндірмейміз. Өндіріс бөлек жобамен келеді. Біз тек қана қазір бұрғылап алып кетеміз. Біз разведка жүргіземіз. Онда ешқандай шаймалау жүргізілмейді. Бұл жерде қанша алтын соны көру үшін келдік.</p>	«алынып тасталған ескерту»
2	<p>Тұрғын: Сіз жаңа айтыңыз жануарлар әлемі. Бізде мына жануарлар әлемі арқар бар. -Ол арқар кей кезде Семейдің трассасының</p>	«UklabProject» ЖШС өкілі Тлеуқан Гульназ Тлеуқанқызы: Именно сол участкі бойынша көші қон жолына жатпайды. Біз арнайы хаттар жолдаған	«алынып тасталған ескерту»

	<p>ар жағына өтедіде тауға барады, одан бері қарай түседі. Өздері жайылады, осы ауылға келіп жайылады. Сіз жаңа арқар қосқанжоқсыз, табиғи орман жоқ дейді. Таудың ішінде бар ғой, ертен оған зиян келеді. Өсіп тұрған тоғайлар бар. Маңайындағы шөптің бәріне зиян келмей ма?</p> <p>Келеді ғой, 100 процент зиян келеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Неше метрге дейін қазылады ? - Ортасында су жатады ғой солай ма? Жер асты су көздері бар. Су көздері тау тастың арасымен келеді. Сол бұлақтың бәрі тоқтайды. Су болмай қалады. Мал басы болмайды. Мына сай саланың бәрі бұлақ. Біздің мал сол бұлақтан ғана су ішеді. Одан басқа бізде су көзі жоқ. 	<p>болатынбыз Оходзоопром, Семей орманына. Олар кісілердің мәліметтеріне сүйенеміз.</p> <p>-Зиян келтірудің бірнеше сатысы болады ғой. Біз қатты зиян келтірмейміз. Біз ұңғымалардан пробаны алып, қайтадан жабамыз. Басқадай ешқандай жұмыстар жүргізбейміз.</p> <p>-300 м дейін.</p>	
3	<p>Тұрғын: Қопарылған нәрсе қалпына келмейді ғой. Қопарылғаннан кейін қалай қалпына келеді.</p> <p>Тұрғын: Сіз оны клейлеп қалпына келтіресіз ба? Былай қанша? Былай қанша қазасыздар?</p> <p>-Барлау үшін қанша алады, қанша объем қазылады?</p> <p>Тұрғын: Сол неше километр ?</p> <p>Тұрғын: Қайтадан бәрін жапқанда орнына келмейді ғой. 10 кг деген осы жердегі ғана нәрсе ол. Сен 10 тонна аласын ба, 100 тонна аласын ба бізге айтпайсындар ғой сендер. Осы жерде халықтың көзінше айтасын одан кейін қанша алып жатқандарыңды біз білмейміз.</p> <p>-Былай 1,5 метр ені қанша метр?</p> <p>-Сол 100 метрді жапқаннан кейін. Бір айдан кейін сол 100 метрде қанша топырақ жатыр айта аласын ба ?</p> <p>Топырақпен тегістеле ма ?</p> <p>Тұрғын: Шөп шыға алмайды ғой сол жерде.</p> <p>Тұрғын: Топырақ қалпына келмейді ғой. Орнына түспейді ғой қайтадан. Оны қазғаннан кейін шұңқыр пайда болады қайтадан. Ертен халықтың малының бәрі сол жерге түсіп өледі.</p> <p>Тұрғын: Қопарылғаннан кейін өспейді ол.</p>	<p>«UklabProject» ЖШС өкілі Тлеуқан Г.Т.: Бізде қазып аламыз пробаны, одан кейін қалпына келтіреміз, Жаңа мен айтып өткендей пробаны алған соң рекультивация жүргіземіз.</p> <p>-Буровой станокпен пробаны алған соң, қалпына келтіреміз.</p> <p>"К-Mining" ЖШС өкілі Тахметов Д.М.: Бірінші біз поисковые работаны жасаймыз. Мүмкін осы жақта түк болмаса, бұрғыламаймыз, канаваны қазбаймыз. Болса канаваны өтеміз.</p> <p>-Канава 1,5 м ғой тереңдігі, ұзындығы 100 м солай болады. Ол мыстың шығуына байланысты.</p> <p>-Біз қайтадан бәрін жабамыз. Неге келмейді ғой. Біз 10 кг ғана аламыз ғой пробаны. Оның бәрін біз алмаймыз ғой.</p> <p>-Бізде разведка ғой, ол добыча емес.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сосын қайтадан сол 100 метрді жабамыз. - Шөп өседі ғой сол жерде.ПРС-ті біз шешеміз ғой. 	«алынып тасталған ескерту»
4	<p>Тұрғын: Сіздер мыстың шығатынын біліп келіп тұрсындар ғой. Енді оны қазып алып кетпейсіздер тағы пробаны аласыздар. Оны түсініп тұрмыз.</p> <p>Тұрғын: Орнына қоятын затпа саған.</p>	<p>"К-Mining" ЖШС өкілі Тахметов Д.М.: Неге шықпайды.</p> <p>-Біз оны орнына келтіреміз.</p> <p>«UklabProject» ЖШС өкілі Тлеуқан Г.Т.: Бәріміз бір негізгі жоба бойынша</p>	«қоғамдық тыңдау мәніне қатысы жоқ»

	<p>Мына тұрған парта ма, орындық па? Соны түсіндіріп айтшы маған. Болды ары қарай шөп шықпайды ол жерде</p> <p>Тұрғын: Халықтың бәрі малмен күн көріп отырған адамадар. Өзі и так жайылым жоқ. Халық қайда жайарын білмей отыр. Маңайдың бәрі қожалық қайда барарларын білмей отыр.</p>	жұмыс істейміз.	
5	<p>Тұрғын: Өздерің айтып тұрсындар біз жабамыз 1,5 шақырымды.</p> <p>-Сіздің жаңағы алған топырағыңыз біреуі былай кетеді, біреуі былай кетеді. Орнына түсет деп 100 процент гарантия берілмейді. Топырақ қазылады, түгел қопарылады ғой, енді әкеп ананы бетіне қоя салмайсын. Соның бәрін істей алмайсын.</p>	<p>«UklabProject» ЖШС өкілі Тлеуқан Г.Т.: Пробаларды алғаннан кейін, қайтадан топырақтың беткі қабатын жаямыз. Ол рекультивация деп аталады. Бұл біздің практикада болған, істелінген. Олар қайтадан қалпына келген. Бұл әдемдік практика.</p>	«алынып тасталған ескерту»
6	<p>Тұрғын: Ұзын бұлақ қой қазақи атауларыңыз. Біздегі судың бәрі ауылға келетін осы тау арқылы, таудың артында Ұзын бұлақ бар солардан бастау алады. Егер сіздер сол жақтан қазатын болсаңыздар судың бәрі арнасы бұзылады. Ертен су шықпай қалады бірінші мәселе. Одан кейін сіздер қазасыздар, қазғаннан кейін мыс шығады ғой. Одан кейін ары қарай карьер басталады.</p> <p>-Соның өзі қазбайақ қойыңыздар деп айтқымыз келеді. Ертен карьере рұқсат бермейміз. Ештеңеге рұқсат бермейміз. Өйткені бар ғой, бізге анау мынау халыққа дейді ғой. Бізге жұмыс керек жоқ, Бізде халық көбі малмен отыр. Басқа жұмыс керек жоқ бізге. Сондықтан халық қарсы ешкім рұқсат бермейді.</p>	<p>«UklabProject» ЖШС өкілі Тлеуқан Г.Т.: Оған біз бөлек жобамен келеміз.</p> <p>Архат ауылдық округінің әкімінің міндетін атқарушы Рымжанов Е.Е.: Құрметті ауылдастар бұл жерде тыңдау болды, мына жақтан шешім шығарады тыңдау өтті, өткен жоқ деп. Өткесе десе ештеңе қабылдамайды, тыңдау өткен жоқ дейді депортамент. Олар тоқтатып тастайды. Одан кейін 2 айдан кейін тағы бір күнді белгілейді. 2 айдан қайтадан өтеді. Бұл сіздердің әр біреулеріңіздің пікірлеріңізді тыңдап алып шешім шығарылады. Сондықтан да баса көктеп келіп, қазып жатқан жоқ қой. Халықпен келісіп, халықтың ойын пікірін біліп, одан кейін барып шешілетін дүние. Бірақ бұлар өздерінің жұмыстарын жасады. Тыңдау өткізу керек, оқыды, түсіндірді халыққа.</p>	«қоғамдық тыңдау мәніне қатысы жоқ»
7	<p>Тұрғын: Ал енді 2 айдан кейін келгеннен кейін тағы да хабарландыру ілесіздер ғой.</p> <p>Тұрғын: Вообще келмей-ақ қойыңыздар бұл жаққа қазамыз деп.</p> <p>Тұрғын: Тағы да келесіздер ғой, хабарландыруды ілесіздер ғой. Фотаға түсіріп алып кетіп қалмай, дұрыстап хабарландыру іліңіздер.</p> <p>Тұрғын: Тыңдалып жатыр, сұрақ қойып жатыр халық. Ақырғы ер азамат сұрақ қойды ғой рұқсат бермейміз деп. Соған неге осы жерде жауап бермейсіздер? Сіздерге біз келесі жолы келуге бәріміз қарсымыз. Бұндай жиналыс бізге керекті жоқ. Даже ондай нәрсені ашқызуға да</p>	<p>"K-Mining" ЖШС Директоры Степанов И.Ю.:</p> <p>Во-первых, мы вообще не имеем права вблизи водных объектов, каких-то ресурсов проводить работы. Весь наш проект разработан с условием того, что есть: у каждого, даже пересыхающего летом, ручья есть санитарная защитная зона, и мы обязаны отступить её.</p> <p>Поэтому наш проект у нас — даже лицензия там, где проходит ручей. У нас лицензия на этот блок. Вся земля рассчитана на блоки, и мы получаем блоки в лицензию.</p> <p>Вот там где проходят водные ресурсы,</p>	«қоғамдық тыңдау мәніне қатысы жоқ»

	<p>рұқсат бермейміз. Сондықтан сол сұраққа жауап беріндер де келесі жолы халықтың уақытын алмай сразу жауап беріндер.</p>	<p>мы получаем частично землю. Вы вот насчёт воды вообще не беспокойтесь, мы там не имеем права. Если даже попытаемся поискать, нас тут же оштрафуют и накажут, и лишат лицензий. Поэтому вы не думайте, что мы вот просто возьмём и всё перекопаем. Мы работаем в соответствии с законом.</p> <p>Есть Горный кодекс РК. Мы разрабатываем все проекты согласно. Проходят все согласования в ЧС, в экологии. Есть бассейновая инспекция водных ресурсов — тоже там этот проект рассматривают. Это же не просто так. Поэтому мы ничего не нарушаем. Нет гарантий, что мы что-то найдём. Дай бог, конечно. Нам хочется, чтобы мы нашли.</p> <p>Но для вас это тоже неплохо. Это дополнительные рабочие места.</p> <p>«UklabProject» ЖШС өкілі Тлеуқан Г.Т.: Атаусыз су ағынына дейін бізде 560 метр қашықтықта. Ол су ағынының су қорғау аймағына кірмейді. Яғни суға біз әсер етпейміз.</p> <p>Архат ауылдық округінің әкімінің міндетін атқарушы Рымжанов Е.Е.: Бұл Әби аға мен Торпакованың жері ғой.</p>	
8	<p>Тұрғын: Ол бұл жерден 2 км жер. Қазір малды шығарсаң, үйге келіп бір шай ішіп шықсан, жетіп барады мал. 5-10 минутта ғана жетіп барады. Тростың ар жағы ғана. Сұлтанғазы аға сіз Момынжан дейсіз. Момынжан осы Орданың атауы ған ғой. Просто халық түсінбей жатыр, қыстақтың жері екен деп. Ол жерде бұлақ тұр ана жерде. Мен сізді алып барайын машинамен ана жерге, көрсетейін қанадай жер екенін.</p> <p>-Сіз осы ауылды тұрмайсыз. Тұрмаған соң қазір үкімет айтып жатыр ғой ауылдан 5-10 км жер жайылымдық жер деп. Қазір бізде ондай жоқ, ауылдың іргесіне дейін тіреліп тұр. Жайылатын жер жоқ. Сондықтан халықтың бәрі қарсы.</p> <p>Тұрғын: Келесі жиналысқа келмей-аққ қойыңыздар.</p> <p>Тұрғын: Против.</p> <p>Тұрғын: Келесі жиналысқа келсеңде осы болады, одан кейін келсеңде осы болады.</p> <p>Тұрғын: Хаттамаға қол қоймаймыз ба?</p> <p>Тұрғын: Хаттамада жазылмаса, қол қойылмаса неменеге келіп, дауласып</p>	<p>UklabProject» ЖШС өкілі Тлеуқан Г.Т.: 5 км.</p> <p>-Бұлаққа дейін 560 метр, оған әсер етпейді.</p> <p>- Видеоға тіркеліп жатыр бұның бәрі, ертен порталға мен сіздерге ссылқасын да жібере алам, ол порталға жүктелетін болады. Басынан бастап видеоға түсірілді. Қандай сұрақтар қойылды оның бәрі тіркелге. Одан кейін мен хаттама торлтыратын болам. Ол хаттамада да сіздің сұрақтарыңыз тіркеледі.</p> <p>Хаттамаға әкім қол қояды.</p> <p>Хаттамада ол жерде қарастырылмаған халықтың қолы.</p>	<p>«ҚОҒАМДЫҚ тыңдау мәніне қатысы жоқ»</p>

	<p>отырсыздар. Сіздер шешіп тұрсыздар. Сіздер біздің ауылға ондай жамандық жасамаңыздар. Біз инвестициясызда өзіміз өмір сүріп, келе жатырмыз.</p>		
--	--	--	--

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатын құжаттардың сапасы (негіздемемен) туралы пікірі, оларды түсінудің толықтығы мен қолжетімділігі тұрғысынан тыңдалған баяндамалар, оларды жақсарту жөніндегі ұсынымдар:

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардан түсінуің толықтығы мен қолжетімділігі тұрғысынан ескертулер, шағымдар мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндама толық көлемде ұсынылды (баяндамашы – Тлеуқан Гульназ Тлеуқанқызы «UklabProject» ЖШС өкілі). Құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі (<https://ndbecology.gov.kz/>) сайтында орналастырылды.

Қоғамдық тыңдаулар мүдделі жұртшылықтың қатысуына байланысты өткізілді деп есептеледі.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Архан аялдамас округінің жетінін ма Ержанов
Ернар Ержанов
16.09.2026ж
Қолы

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

«K-Mining» ЖШС директорының орынбасары
Поломарев Юрий Викторович
16.09.2026ж
Қолы

ҚОСЫМША:

1. Жоспарланған қызметтің бастамашысынан сұрау-хат.
2. Хат-жергілікті атқарушы органдардың жауабы.
3. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы және жұртшылықтың, кәсіпорындардың мүдделерін білдіретін қатысушылар тізімі.
Онлайн қатысқан қоғамдық тыңдауларға қатысушылар қатарындағы адамдардың тізімі.
4. 2025 жылғы 7 желтоқсандағы орыс және қазақ тілдеріндегі № 45 (835) «Abai eli» газеті;
5. Хабарландыруды 2025 жылғы 2 желтоқсандағы «Қазақстан» телеарнасының эфирінде орналастыру туралы эфирлік анықтама;
6. «Мамай атындағы негізгі орта мектебі» ғимараты;
7. Орда ауылы аялдамасы;
8. Орда ауылы К. Мырзабекова көшесі.
9. Экологиялық әсер ету рұқсатын алу үшін материалдарға баяндама (презентация).

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25472710001, Дата: 27/11/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: область Абай, Абайский район, Архатский с.о., с.Орда

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Область Абай, Абайский район, Архатский с.о., с.Орда. <https://us05web.zoom.us/j/4964434184?pwd=M25DRE9PK3k3RUw2TDVISHVrTGkqZz09&omn=83756858443> Идентификатор конференции: 496 443 4184 Код доступа: 1234

Предмет общественных слушаний: Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки медных руд участка Узун-Булак. Область Абай.

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Абай, Абайский район, Архатский с.о., с.Орда ул. Караш Мырзабековой д. 44, 15/01/2026 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (5 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

“Абай елі”; РТРК "Казахстан"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

область Абай, Абайский район., с.Орда, улица К. Мырзабекова

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением

итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
Товарищество с ограниченной ответственностью "K-Mining" (БИН: 200540019278), +7(701)-577-06-91, kmining.semey@gmail.com

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО «UklabProject»

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25472710001, Дата: 03/12/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25472710001, от 27/11/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки медных руд участка Узун-Булак, Область Абай., в предлагаемую Вами 15/01/2026 11:00, область Абай, Абайский район, Архатский с.о., с.Орда ул. Караташ Мырзабековой д. 44(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "K-Mining" (БИН: 200540019278), +7(701)-577-06-91, kmining.semey@gmail.com

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО «UklabProject»

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).



Абай елі

Берекелі болса ел, жағасы жайлау ол бір көл!

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

БАСЫЛЫМ 1935 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№45 (835) 1 - 7 желтоқсан 2025 ЖЫЛ

Әкім есебі

ХАЛЫҚ СӨЗІ НАЗАРДА



Ауыл – қазақтың алтын ұясы. Өңір экономикасын дамытуда ауылдық әлеуетін көтерудің де маңызы жоғары. «Ауыл көркейсе – ел өркендейді» демекші, бүгінде Абай ауданына қарасты ауылдар оң өзгерістерге қадам басып, экономикалық ахуал жақсарып келеді. Ауыл көркі де бұрынғымен салыстырғанда айтарлықтай ажарлы. Тұрғындардың да тазалыққа, туган өлкесінің көркейіп-гүлденуіне деген көзқарасы ерекше қалыптасқан. Мұны біз – аудан әкімінің ауыл-аймақты аралап, халықпен өткен келелі кездесулері барысында айқын аңғардық.

Өткен аптада ел тарихындағы айтулы оқиға – 2500 ауыл әкімінің бас қаладан бір мезетте табысуы елдің назарын аударды. Астанада алғаш рет өткен ауыл әкімдерінің ұлттық диалог платформасы шалғай елді мекендердің өзекті мәселелерін республикалық деңгейде көтеруге мүмкіндік берді. Бұл жиынға Абай ауданынан да 3 ауыл әкімі қатысып, тәжірибе алмасып, тың идеялармен оралды.

Мемлекеттің қарқынды дамуы үшін әр өңір белгілі бір талап үдесінен шыға білуі тиіс. Бұл еліміздің түрлі деңгейдегі әкімдерінің, яғни жергілікті билік өкілдерінің білгірлігі мен олардың атқарып отырған жұмыстарының жүйелілігімен өлшенетіні белгілі. Дәстүрге айналған аудан әкімінің халық алдындағы есеп беруі – осы мақсатты көздейді. Аудан әкімінің ел алдында есеп беруі атқарылған жұмыстарды тиісті деңгейде бағалап, орындалмағандарын жедел түрде шешу үшін күш жұмылдыруға және де алдағы міндеттерді айқындап, нақтылауға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ бұл әкімдердің іскерлігі сыналатын кезең.

Кеңгірбай Би



Осы орайда аудан басшысы Мейржан Серікбосынұлының жұмыс кестесіне сәйкес аудан халқымен тұрақты кездесуі басталды. Алғашқы кездесу іргемізде жатқан Кеңгірбай би ауылдық округінде өтті. Жиынға мәслихат төрағасы М.Нұрсұлтанұлы, сала мамандары, ауылдық округ әкімі Д.Амангелдин және ауыл тұрғындары қатысты. Ең алдымен Кеңгірбай би ауылдық округінің әкімі Д.Амангелдин атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады.

Осыдан кейін аудан басшысы 2025 жылда аудан көлемінде атқарылған жұмыстар туралы баяндап,

алдағы жұмыс жоспарларымен бөлісті. Тұрғындар тарапынан жедел жәрдем көлігі, шаруа қожалықтарға электр желісін тарту бағытындағы жұмыстардың барысы, «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеке кәсіпке берілетін несиесі, аудан орталығымен қатынайтын автобус көлігін ұйымдастыру сынды сұрақтар қойылып, заң аясында жауап берді. Кездесу барысында тұрғындарға «Таза Қазақстан» республикалық акцияға қатысып, санитариялық тазалық пен абаттандыру жұмыстарын жүргізуге шақырды.

Айта кету керек, аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында төрт ауылдық округте су құбырларын қайта жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде атқарылып келеді. Соның бірі – Кеңгірбай би ауылдық округіндегі жоба. Сондай-ақ, Мейржан Серікбосынұлы аталған округке барып, жүргізіліп жатқан жұмыс барысын қадағалап, мердігер ұйым өкілімен жөндеу процесінің негізгі мәселелерін талқылады. Тиісті сала мамандарына жұмыстарды сапалы орындап, белгіленген жоспарға сай уақтылы аяқтауды тапсырды. Бұдан кейін жылу қазандығының жағдайын көрді. Бұл нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп болатын. Қатты отынды қауіпсіз әрі ретімен сақтау және орналастыру бойынша жауапты мамандарға нақты тапсырмалар берілді.

Медеу



Аудан басшысы Мейржан Серікбосынұлы Медеу ауылдық округінің тұрғындарымен жоспарлы кездесу өткізді. Алдымен су құбырын жаңғырту жұмыстарының жағдайын қарап шықты. Қазір жоба қарқынды жүріп жатыр, мердігердің мәліметінше, жөндеу жұмыстары жыл соңына дейін толық аяқталады деп күтілуде. Бүгінгі күнге дейін 40 жеке ауланың тұрғын үйіне су құбыры тартылды. Сонымен қатар ауылдағы жылу қазандығының жұмысын көрді. Қатты отынның қоры жеткілікті көлемде жеткізілген қазандық қалыпты режимде жұмыс жасап тұр. Тиісті мамандарға жылу маусымының үздіксіз әрі қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету бойынша тапсырмалар берілді. Осыдан соң ауылдың клуб үйінде тұрғындармен кездесуі өтті. Аудан басшысы ауылдық округ әкімі Е.Кеңесбекұлының баяндамасынан кейін 2025 жылы ауданда атқарылған жұмыстар жөнінде ақпарат беріп, алдағы жоспарлармен бөлісті. Кездесу барысында тұрғындар тарапынан аудандық маңызы бар жолдың сапасына, жедел жәрдем көлігінің жетіспеушілігіне, сондай-ақ мал қамайтын (раскол) орынның жағдайына қатысты сұрақтар көтерілді. Бұл мәселелер бойынша заң аясында түсініктеме беріп, әр ұсыныс назарында болатынын жеткізді.

Ауыл әкіміне аталған бағыттардағы жұмысты күшейтіп, нақты шаралар қабылдауды тапсырды. Тұрғындар көтерген мәселелер – аудан үшін маңызды, сондықтан олардың шешімі бақылауда болады.

Алыстағы ауылға, шалғайдағы елді мекенге барып, халықпен бетпе-бет сөйлесу, тік тұрып олардың өтініш-тілегін, сын-ескертпесін өз құлағымен есту – бұл әкімдерді қарапайым халыққа жақындата түсетін алғышарттың бірі және бірегейі. Соңғы жылдары әкім есебінің бітімі де бұрынғыдан өзгерек. Халықпен жүздесуге келген әкім сағаттап қағаз бетіне үңіліп баяндама оқымай, тұрғындармен еркін пікір алмасып, атқарылған жұмыстарды бүкпесіз әрі нақты жеткізіп жүр.

Басы. Жалғасы 2 - бетте

Жаңа тағайындау



2025 жылдың 30 қараша күні Кеңгірбай би ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

